

# 1 қыркүйек – Білім күні

# «Білімді мыңды жығады...»


РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ
25
ЖЫЛ
КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

# АТА ЗАҢЫН ардақтаған ел аласармайды!



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы
Қазақстанның Жоғары Кеңесінің
**IX сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтардағы**
**XII шақырылымында** қабылданды

Құрылымы преамбуладан,
**4 бөлім, 21 тарау** және
**131 баптан** тұрады

Қазақстан Республикасының
қазіргі Конституциясы
**1995 жылғы 30 тамызда**
бүкіл халықтық референдумда қабылданды

**2007 жылы** Парламент қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін Ата Заңымыз жаңа сипатқа ие болып, еліміздегі демократиялық реформалар тереңдей түсті

## КОНСТИТУЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

I бөлім. Жалпы ережелер
II бөлім. Адам және азамат
III бөлім. Президент
IV бөлім. Парламент
V бөлім. Үкімет
VI бөлім. Конституциялық кеңес
VII бөлім. Соттар және сот төрелігі
VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару
және өзін-өзі басқару
IX Бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер



# Қазақстан Конституциясына түзетулер енгізілді



Конституция – мемлекеттің басты заңы, жоғары заңды күшке ие, ерекше нормативтік құқықтық акт. Конституция мемлекеттің саяси, құқықтық және экономикалық жүйесінің негіздерін белгілейді

## Өзгеріссіз

– Жеке меншікке қатысты Конституцияның 26-бабы өзгертусіз қалдырылды

– Астананың атауын Назарбаевтың құрметіне өзгерту мәселесі Конституцияға енгізілмеді

## Жаңа

– Президент өз шешімімен тағайындайды: сыртқы істер министрін, қорғаныс министрін, ішкі істер министрін. Премьер-министр үкіметтің қалған мүшелері болуға үміткерлер туралы ұсынысты мемлекет басшысына тапсырады

– Елдің президенті болуға үміткер жоғары білімді болуы міндетті

– Үкіметке мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, қаржыландыру мен мемлекеттік бюджеттен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту бойынша өкілеттіктер беріледі

– Сенат ҚР адам құқығы жөніндегі Уәкілді бес жылдық мерзімге сайлап, қызметінен босата алады

– Премьер-министр үкіметтің қызметі мен маңызды шешімдер жайында президентке ғана емес, парламентке де есеп беруі тиіс

– Президент бұдан былай үкімет пен премьер-министр актілерінің қызметін тоқтатып немесе алып тастай алмайды

## Толықтырулар

– Тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы Елбасы, оның мәртебесі еш өзгеріссіз қалады

– Конфессияаралық келісімді бұзуы мүмкін әрекеттер конституцияға жатпайды деп танылады



***Бұрын*** | Үкімет жаңадан сайланған Президент алдында өкілеттіктерін тоқтататын

***Қазір*** | Үкімет жаңадан сайланған Мәжіліс алдында өкілеттіктерін тоқтатады



Мәжіліс – Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы. 107 депутаттан тұрады.

# ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ БӨЛІМДЕРІ МЕН БАПТАРЫ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

9 БӨЛІМНЕН



98 БАПТАН ТҰРАДЫ

| | |
|---|---|
| I Бөлім | ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР (9 бап) |
| II Бөлім | АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ (30 бап) |
| III Бөлім | ПРЕЗИДЕНТ (9 бап) |
| IV Бөлім | ПАРЛАМЕНТ (15 бап) |

**V Бөлім**

**ҮКІМЕТ**
**(7 бап)**

**VI Бөлім**

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**
**(4 бап)**

**VII Бөлім**

**СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ**
**(10 бап)**

**VIII Бөлім**

**ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ**
**(5 бап)**

**IX Бөлім**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**
**(9 бап)**



# Қазақстан Конституциясы туралы қызықты деректер




**1995 жылы 30 тамызда еліміздің қазіргі Конституциясы республикалық референдумда қабылданды**

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы президенттік басқару үлгісіндегі унитарлық мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

**Алғашқы заңдар жинағы Қазақ хандығы кезінде жасалған**

«Жеті жарғы» жаңа дала заңдары жинағының авторы болған Тәуке хан көптеген табысқа жеткен

**Қазақстан Ресей империясының құрамында болғанда конституциясы болмаған**

**1911 жылы бірінші қазақ конституциясының жобасы жасалынып, бірақ қабылданбаған еді**

Ол «Қазақ елінің Жарғысы» деп аталды

**1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының бағдарламасын жариялаған еді**

Өз құрылымы бойынша бұл құжат сол заманның тарихи кезеңіндегі көптеген еуропалық елдердің конституциясына сәйкес келген

**Кеңестік Қазақстанның бірінші Конституциясы бекітілмеді**

Соған қарамастан, Қазақ АКСР Конституция жобасын автономиялық республиканың барлық мемлекеттік органдары басшылыққа алды.

Сөзінің саны бойынша ең үлкен бап - «Парламент» IV бөлімінің 61-бабы

Сөз саны бойынша ең кішкентай бап – «Адам және адамзат» II бөлімнің 38-бабы

ҚР Конституциясы Түркиядағы курортта жасалған

Президент қысқамерзімді демалысқа Анталияға келген, бірақ осы он күн бойы заң жобасымен қызу жұмыс істеді

2014 жылы Конституция күніне орай Қазақстандағы ең үлкен пицца пісірілді

Ол 5 сағат бойы пісірілді және оның диаметрі 5 метрді құрады

Конституцияның ең қымбат басылымын Интернеттен 130 мың теңгеге сатып алуға болады



**КСРО дәуірінде Қазақстанда екі Конституция қабылданған**

Біріншісі – 1937 жылдың 20 наурызында
Екіншісі – 1978 жылдың 20 сәуірінде

**Тәуелсіз Қазақстанның бір жылдан астам уақыт бойы конституциясы болмады**

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданды

1993 жылдың 28 қаңтар күні Қазақстанның Тұңғыш Конституциясы қабылданды




**ҚР Конституциясының мәтінінде жиі кездесетін сөздер**

**Қазақша нұсқасында**

1 және 2 мен 3 республика 4 Казақстан
5 бап 6 Парламент 7 конституциялық
8 республиканың 9 республикасының 10 немесе

**Орысша нұсқасында**

1 республика 2 закон 3 президент
4 парламент 5 статья 6 Казахстан
7 депутат 8 Конституция
9 право 10 палата




**Президент Н.Назарбаев қолданыстағы Конституцияны дайындау барысында түрлі елдердің 20-ға жуық негізгі заңдарымен танысты**

**1995 жылы Конституция жобасын талқылауға үш миллион қазақстандық қатысты**

**Қазақстан мен Франция – Конституциялық Кеңесі бар жалғыз елдер**

**Қазіргі Конституцияға 4 рет өзгерістер енгізілді**

1998, 2007, 2011, 2017 жылдары

**Еліміздің басты заңының 10 және 15 жылдығында пошта маркалары шығарылды**









1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ 1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНДЫ.
2. КОНСТИТУЦИЯ 9 ТАРАУДАН, 98 БАПТАН ТҰРАДЫ.
3. КОНСТИТУЦИЯДАҒЫ ЕҢ КӨП БАП ҚАРАСТЫРЫЛҒАН БӨЛІМ – «ПАРЛАМЕНТ» (61 БАП), АЛ ЕҢ АЗЫ «АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ» (39 БАП).

4

ӘЛЕМДІК ЖЕЛІДЕ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ БАСПАЛЫҚ НҰСҚАСЫНЫҢ 30-ДАН АСТАМ ТҮРІ БАР.

5

АТА ЗАҢ МӘТІНІНІҢ ОРЫСША НҰСҚАСЫНДА- 7 168 СӨЗ, ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НҰСҚАСЫНДА - 8 904 СӨЗ БАР.

6

КОНСТИТУЦИЯДА РЕСПУБЛИКА СӨЗІ 260 РЕТ (ОРЫСШАСЫНДА 305), ҚАЗАҚСТАН СӨЗІ 111 РЕТ, ПАРЛАМЕНТ СӨЗІ 82 РЕТ КЕЗДЕСЕДІ.

Қазақстан Республикасы
өзін демократиялық, зайырлы,
құқықтық және әлеуметтік мемлекет
ретінде орнықтырады,
**оның ең қымбат қазынасы – адам
және адамның өмірі, құқықтары
мен бостандықтары.**

*1-бап*

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.

*3-бап*

**Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.**

*14-бап*

**Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.**

*17-бап*

**Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.**

*19-бап*

**Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.**

*20-бап*

**Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар.**
Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

*23-бап*

Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

*31-бап*

**ҚР азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы.**

Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

***32-бап***

Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

***33-бап***



# БІЛІМ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

# Назар аударғандарыңызға рахмет!